

«АЗАМATTАРҒА АРНАЛҒАН ҮКИМ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫН БАТЫС КАЗАҚСТАН
ОБЛАСТЫ БОЙЫНША ФИЛДАЛЫ

ОРАЛ ҚАЛАЛЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР
КАДАСТРЫ БӨЛІМІ 2024 ж.

28 жарыға

ЕҢГІЗІЛЕН ӨЗГЕРТУДЕР МЕН ТОПЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛГЕН
№ 436-1926-НАО-АО

11 11 2010 ж.

АЛГАШЫ ТІРКЕЛГЕН КУНЫ
101190007330

БСН

«Ақжайық» ӨКК АҚ
бірден-бір акционерлік
2024 жылты «23» мамыр
№ 15-НК шешімімен
бекітілді

«Ақжайық» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Орал қ., 2024 жыл.

1 - бап. Жалпы ережелер

1.1. Осы Жарғы «Ақжайық» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қогамының (бұдан әрі – Қоғам) атауын, мекенжайын, оның органдарының қалыптасу тәртібін және құзыреттерін, оның қызметін қайта құру және тоқтату жағдайларын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтіп басқа да ережелерді айқындайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Ақжайық» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қогамы;

2) орыс тілінде: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Ақжайық».

1.3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Ақжайық» ӘҚК» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «СПК «Ақжайық».

1.4. Қоғамның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Исадай-Махамбет, 84.

1.5. Қоғамның атқарушы органдарының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Исадай-Махамбет, 84.

2 - бап. Қоғамның заңды мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес тенгерімі, банктік шоттары бар, оз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды жүзеге асырады және сатып ала алады, міндеттер алады, сottta талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және оз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелері бар.

2.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына катысуға құқылы.

2.5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның орналасқан жерінен тыс жерлерде заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша филиалдар мен оқиғалеттіктер құруға құқылы.

2.6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен ассоциациялар мен кәсіподақтарға енуге құқылы.

3- бап. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

3.1. Қоғам оз мүлкі шегінде оз міндеттемелері бойынша жауапкершілік алады.

3.2. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оздеріне тиесілі акциялар құны шегінде қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін котереді.

3.3. Қогам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4- бап. Қоғамның мақсаттары мен қызметінің түрлері

4.1. Қоғамның негізгі қызметі мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру арқылы Батыс Қазақстан облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

4.2. Қызметтің негізгі түрлері:

- 1) кластерлік әдіс негізінде бірыңғай экономикалық нарық құру;
- 2) инвестициялар мен инновацияларды тарту үшін қолайлы экономикалық ортақшытастыру;
- 3) инвестиациялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 4) әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 5) қоғамның жарияланған акцияларын толеуге мемлекет берген үйымдарды оңалту және қайта құрылымдау жоніндегі жобаларды әзірлеу және іске асыру немесе олардың негізінде жаңа өндірістер құру;
- 6) бизнес жобаларды, оның ішінде концессиялардың және кластерлік бастаманың негізінде іске асыру;
- 7) алып тасталды – БКО әкімдігінің 04.08.2021 №151 қаулысымен;
- 8) мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бәсекелестікке қабілетті, экспортқа бағытталған өндірістер құру;
- 9) Медициналық жабдықтар мен техниканың қаржылық лизингінен басқа қаржылық лизинг;
- 10) Басқа топтамаларға енгізілмеген кредиттеудің өзге де түрлері

4.3. Қоғам медициналық жабдық пен техниканың қаржылық лизингінен басқа, қаржы лизингін жүзеге асыруға құқылы.

5- бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары

5.1. Қоғам акционерлері:

- 1) Заңмен және қоғам жаргысымен көзделген тәртіппен қоғамды баскаруға қатысуға;
- 2) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайзызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, осы Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне косымша мәселелерді енгізуға;
- 3) дивидендтер алуға;
- 4) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналышында немесе қоғамның жаргысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
- 5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қагаздарга менишік құқығын растайтын үзінді кошірмелер алу;
- 6) қоғам акционерлерінің жалпы жиналышына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 7) қоғам органдары қабылдаган шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
- 8) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайзызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, осы Заңда көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға отеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік

булынан орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау інтижесінде алған пайданы (табысты) қогамға қайтару туралы талаппен жүтінуге;

9) қогамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қогамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

10) қогам таратылған кезде мүліктің бір болігіне;

11) Заңда белгіленген тәртіппен қогамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын баска да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға;

12) акционерлердің жалпы жиналышының осы Заңда көзделген тәртіппен қогам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдаудың қатысуга құқылы.

5.2. Ірі акционердің, сондай-ақ :

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шакыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналышын шакырудан бас тартқан жағдайда оны шакыру туралы талап-арызбен сотқа жүтінуге ;

2) директорлар кеңесінің отырысын шакыруды талап етуге ;

3) өз есебінен аудиторлық үйімнің қогамға аудит жүргізуін талап етуге құқығы бар.

5.3. Қогам акционері:

1) акцияларды толеуге;

2) он жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға қогам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) қогам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен коргалатын озге де күпия болып табылатын акпаратты жария етпеуге;

4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген баска да міндеттерді орындауға міндетті.

5.4. Қогам, Орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы акционердің осы баптың 5.3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындаудауының салдары үшін жауапты болмайды;

5.5. Қогамның даусыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер қогамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органдың жекелеген мүшесінің жыл корытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы акпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

- қогамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органдың осы мүшесінің озі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында қогам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаган кезде;

- егер қогамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органдың осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі қогамда заңал туындаудына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.

6-бап. Қогамның мүлкі

6.1. Қогамның мүлкі :

1) акционерлер қогам акцияларын толеуге берген мүлікten ;

2) оның қызметі інтижесінде алынған кірістерден ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаган негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен күралады.

6.2. Қогамның жарғылық капиталын ұлғайту қогамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

7-бап. Акциялар, облигациялар. Бағалы қағаздарды орналастыру жағдайы

7.1. Қогам жай немесе жай және артықшылықты акцияларды шыгаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шыгарылады.

7.2. Жай акция акционерге акционердің жалпы жиналысында дауыска салынатын барлық мәсөлелерді шешу кезінде қатысу құқығын, акционердің жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде қогамда таза табыс болғанда дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпшін қогам тараган жағдайда оның мүлкінің болғын алу құқығын береді.

7.3. Акцияларды шыгару, орналастыру, айналымға жіберу жағдайлары мен тәртібі, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер толеу акцияларды шыгару проспектісімен белгіленеді.

7.4. Қогам айырбасталымды бағалы қағаздар шыгаруга құқылы.

7.5. Қогам Қазақстан Республикасының заңнамасына сойкес облигация шыгару үшін косымша қаражат тартуға құқылы.

7.6. Облигацияларды шыгару, орналастыру, айналымға жіберу жағдайлары мен тәртібі, олар бойынша сыйакы толеу, облигацияларды отеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасымен және облигацияларды шыгару проспектісімен айқындалады.

8-бап. Таза табысты болу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

8.1. Қогамның таза табысы (бюджетке салық және басқа міндетті толемдерді төлегеннен кейін) қогамның билігінде қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіпшін болініске түседі, соның ішінде дивидендтер толеу де. Қалған болігі акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен көзделгендей қогамды дамытуға және басқа мақсаттарға жұмсалады.

8.2. Қогам акционерлеріне дивидендтер толеу жылына бір рет жүргізіледі. Дивидендтер есептеу және толеу туралы шешімді жыл корытындылары бойынша акционерлердің жалпы жиналысында қабылдайды. Дивидендтерді толеу қогамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтер болған кезде жай акциялар бойынша дивидендтерді толеу туралы шешім қабылданған кезден бастап токсан күннен кепіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

8.3. Акционерлердің жалпы жиналысы жыл корытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер толеу орынсыздығы туралы шешім алуға құқылы.

8.4. Дивидендтер орналастырылмаган немесе қогамның озі сатып алған, сондай-ақ сотиен немесе акционерлердің жалпы жиналысымен оны тарату туралы шешім қабылданған жағдайда акциялар бойынша дивидендтер есептелеібейді және толенбейді.

8.5. Қогамның жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейтін жағдайлар :

1) егер өз капиталының молшері теріс болған кезде немесе қогамның өз капиталының молшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу іштікесінде теріс болса ;

2) егер қогам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сойкес толем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не корсетілген белгілер қогамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу іштікесінде пайда болса.

9-бап. Қогамның органдары

9.1. Қогамның органдары:

- 1) жоғары орган - акционерлердің жалпы жиналысы (қогамда барлық дауыс алатын акциялар бір акционерге тиесілі болса, - аталған акционер);
- 2) басқару органы – директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – баскарма;

4) Қогамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – ішкі аудит қызметі.

9.2. Барлық дауыс алатын акциялар бір акционерге тиесілі болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы откізілмейді. Заңмен және осы жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне катасты мәселелер бойынша шешімдерді аталағанкционер жеке қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылғандардың құқықтарын қыспақта алмаган және шектемеген жағдайда жазбаша тұрде рәсімдеуді қажет етеді.

10-бап. Акционерлердің жалпы жиналысы

10.1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелер:

- 1) Қогам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) ерікті тұрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылған жарияланған акцияларының түрін озгерту туралы шешім кабылдау;
- 5) қоғамның бағалы қағаздарының айырбасталымды жағдайы мен тәртібін, сондай-ақ олардың өзгерісін анықтау;
- 6) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шыгару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың баска түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындағы айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;
- 8) есеп комиссиясының сандық құрамын, оқілдектік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың оқілдектігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) директорлар кеңесінің сан құрамын, оқілдектік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың оқілдектігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйакы толеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын болу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер толеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есептегендеге жыл корытындысы бойынша дивидендтер мөлшерін бекіту;
- 13) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер толемесу туралы шешім қабылдау;
- 14) қоғамның акциясының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін күрайтын сомадагы активтердің бір немесе бірнеше болігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруга немесе олардың қызметіне катысуы не озге де заңды тұлғалардың катысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;
- 17) қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылған нарыкта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 18) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) егер қоғам жарғысында мүндай тәртіп белгіленбесе, акционерлерге қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

20) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

21) нәтижесінде акционерлік қогам активтері баланстық құнының жалпы молшерінің слу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шыгарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шыгарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күйінс құны оның активтері баланстық құнының жалпы молшерінің слу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қогам сатып алатын немесе иеліктен шыгаратын (сатып алыу немесе иеліктен шыгаруы мүмкін) ірі мәмілені қогамның жасасуы туралы шешім қабылдауды;

22) шешім қабылдау осы Занда және (немесе) қогамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыretіне жатқызылган озге де мәселелер.

Осы жарғының 10.1. тармагының 2)-4), 17) тармақшаларында аталған мәселер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қогамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басымдылығымен қабылданады.

Егер осы Занда және (немесе) қогам жарғысында озгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қогамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көшілік даусымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысы орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау болігінде осы баптың 10.1-тармагының 7) тармақшасында корсетілген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандары шегеріле отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда гана қабылданады деп есептеледі.

10.2. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып болінеді. Қогам акционерлердің жалпы жиналысы жыл сайын откізуге міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып есептелінеді. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес айдан үшінде откізуі тиіс. Аталған мерзім есепті мерзімде қогамның аудитін аяқтау мүмкін болмagan жағдайда үш айга дейін ұзартылған болып есептелінеді.

10.3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

1) Қогамның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

2) Қогамның откен қаржылық жылындағы таза табисын болудің тәртібін және қогамның бір жай акциясы молшеріне дивиденд молшерін аныктайды;

3) Қогамның және оның лауазымды тұлғаларының орекеттеріне акционерлердің жүргіндері және оларды қараудың корытындылары туралы мәселелерді карайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыretіне жататын басқа да мәселелерді қарауга құқыны.

10.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директор шақырады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Занмен белгіленгендей, қогам органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың тәртібін бұзған жағдайда сот шешімі негізінде шақырылуы және откізуі мүмкін.

10.5. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылады:

1) директорлар кенесінің;

2) ірі акционердің ұсыныстарымен.

Ерікті тарату процесінде қогам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қогамды тарату комиссиясы шақыруы, дайындауды және откізуі мүмкін.

Қогам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы егер қогамның органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын откізу туралы оның талаптарын орындағанда, қогамның ірі акционерінің талап арызы бойынша сот шешімі негізінде шақырылуы және откізуі мүмкін.

10.6. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау мен откізуі жүзеге асырады:

- 1) атқарушы орган;
- 2) орталық депозитарий қогаммен жасалған шартқа сәйкес;
- 3) директорлар кеңесі;
- 4) қогамды тарату комиссиясы.

Акционерлердің жалпы жинальысын шақыру, дайындау және откізу шығындары Заңмен белгіленген жагдайларды ескермегендегі қогамга жүктеледі.

10.7. Акционерлердің жалпы жинальысына қатысуга құқығы бар акционерлердің тізімін қоғам акцияларын ұстаушылар тізіліміндегі деректері негізінде Орталық депозитарий жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жинальсты откізу туралы шешім қабылданған күннен бүрін белгіленуі мүмкін емес.

10.8. Акционердің қатеріне жалпы жинальыстың откізілуі туралы мәлімдеме оның оту датасынан 30 күнтізбелік күннен кем емес бүрін оған жазбаша хабар беру арқылы жеткізілуі тиіс.

10.9. Акционерлердің жалпы жинальысының күн тәртібін директорлар кеңесі қалыптастырады және акционерлердің жалпы жинальысымен бекітіледі. Жалпы жинальыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауга және олар бойынша шешім алуға құқығы жок.

Акционерлердің жалпы жинальысының күн тәртібін, мұндай толықтырулар туралы қоғам акционерлеріне жалпы жинальыс откізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей немесе акционерлердің жалпы жинальысына қатысқан және қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес проценттін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көшілігі күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуі жақтап дауыс берсе, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген акционер немесе директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін.

10.10. Егер акционерлердің жалпы жинальысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуга және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп проценттін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жинальыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауга және олар бойынша шешім қабылдауга құқылы. Егер акционерлер тізіміне енгізілген, акционерлердің жалпы жинальысына қатысуга құқығы бар тұлға қоғамның дауыс беретін акцияларынан ажыратылған болса, жалпы жинальыска қатысу құқығы жиынтығында қоғамның елу және одан көп пайыз дауыс беретін акциялары бар, акцияга менинкі құқығын дәлелдейтін құжаттарын ұсынған жагдайда жаңа акционерге аудысады, соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер де.

10.11. Акционер жеке озі немесе оз өкілі арқылы акционерлердің жалпы жинальысына қатысуга және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы. Қоғамның атқарушы органы мүшелерінің акционерлердің жалпы жинальысында акционерлердің өкілдері ретінде соз сойлеуге құқығы жок. Мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жинальысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жагдайларды коснаганды, қоғам қызметкерлерінің акционерлердің жалпы жинальысында акционерлердің өкілдері ретінде соз сойлеуге құқығы жок.

Акционерлердің жалпы жинальысын откізу тәртібі акционерлердің жалпы жинальысының шешімімен анықталады.

Акционерлердің жалпы жинальысында дауыс беру, томендердегі жагдайларды ескермегендегі «бір акция – бір дауыс» принципімен жүзеге асырылады :

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жагдайда бір акционерге берілестін акциялар бойынша көп дауыс санын шектеу ;
- 2) директорлар кеңесі мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру ;

3) акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беруге құқығы бар әр түлгага акционерлердің жалпы жиналышын откізуге қатысты процедуралар бойынша бір дауыстан беру.

Басқа түлгалар жалпы жиналышқа тек шақырумен ғана қатыса алады. Аталған түлгалардың жалпы жиналышта сойлеуі акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен анықталады.

10.12. Акционерлердің қайта шақырылатын жалпы жиналышы – акционерлердің алғашкы (отпей қалған) белгіленген жалпы жиналышының датасынан кейінгі күнінен өртөмегесінен датаға белгіленеді.

10.13. Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасы жиналыш жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасына қол қоюға тиіс:

- 1) акционерлердің жалпы жиналышының торагасы мен хатшысы;
- 2) есеп комиссиясының мүшелері;
- 3) акционерлердің жалпы жиналышына қатысқан қогамның он және одан да көп пайыз дауыс беру акциялары бар акционерлер.

Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасы дауыс беру корытындысы туралы хаттамамен, жалпы жиналышқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен бірге, сондай-ақ хаттамага қол қоюдан бас тартудың жазбаша түсініктемесімен. Аталған құжаттар атқарушы органды сақталуы және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуі тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің жалпы жиналышы хаттамасының көшірмесі беріледі.

11-бап. Директорлар кеңесі

11.1. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, қогамның қызметіне жалпы басшылықты қогамның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

11.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) қогам қызметінің басым бағыттарын және қогамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қогамның даму жоспарын бекіту;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналышын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (откізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (откізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (откізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) қогамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) қогамның жылдық каржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) қогамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шыгару талантарын айқындау, сондай-ақ оларды шыгару туралы шешімдер қабылдау;
- 7) атқарушы органдың сандық құрамын, оқілдік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың оқілдігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) атқарушы органдың басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалакысының мөлшерін және оған ендекақы және сыйлықақы толеу талантарын айқындау;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, оқілдік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың оқілдігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жалақысының мөлшерін және ендекақы және сыйлықақы толеу талантарын айқындау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, окілеттік мерзімін айқындау, окілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының молшерін және оған енбекақы және корпоративтік хатшыга сыйлықақы төлеу талантарын айқындау;

11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық үйымның, сондай-ақ қогамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне акы төлеу молшерін айқындау;

12) қогамның ішкі қызметтерін реттейтін (қогамның қызметтерін үйымдастыру мақсатында атқарушы органның алған құжаттарынан басқасы) құжаттарды, соның ішінде аукцион откізу мен қогамның бағалы қағаздарын жаздырудың талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

13) қогамның филиалдары мен оқілдіктерін күру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) қогамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (ислігінен шыгару) туралы шешімдерін қабылдау;

15) заңды тұлға он және одан да көп пайыз акциялары (жарғылық капиталындағы қатыс үлесі) қогамның еншісіндегі акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналышының құзыретіне қатысты қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

16) қогамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталының молшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамага ұлғайту;

17) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

18) қогам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қоргалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) қогам акционерлерінің жалпы жиналышында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қогам мұлделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

20) заңмен және қогамның жарғысымен көзделген, акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелер.

Осы жарғының 11.2. тармағының тізінде анықталған мәселелерді шешу атқарушы органға берілуге тиіс емес.

11.3. Директорлар кеңесі қогамның жарғысына сәйкес атқарушы органның құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім алуға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналышының шешімінен қайшы келетін шешім алуға күкіргі жок.

11.4. Директорлар кеңесінің вето күкіргі белгіленген мәселелер бойынша алған шешімдері «алтын акция» иесімен келісілуі тиіс.

11.5. Директорлар кеңесін сайлау тәртібі Заңмен реттеледі. Қогамның директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы тиіс. Қогамның директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Директорлар кеңесін откізу кворумы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу және елуден көп пайызын құрайды.

Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі отырыска қатысқан директорлар кеңесі мүшелерінің жай копшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тен болған жағдайда директорлар кеңесі торагасының немесе директорлар кеңесі отырысында торагалық еткен тұлғаның дауысы шешпүш болып табылады. Басқарма торагасын директорлар кеңесінің торагасы сайлай алмайды.

Директорлар кеңесі тек директорлар кеңесінің мүшелері қатысатын өзінің жабық отырысын откізу туралы шешім алуға күкілі.

11.6. Қогамның директорлар кеңесінің отырысын торага немесе қогамның атқарушы органды шакыруы мүмкін немесе томендегілердің талабы бойынша :

1) қогамның директорлар кеңесінің кез-келген мүшелерінің ;

2) қогамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық үйымның ;

- 3) қогамның ішкі аудит қызметінің ;
- 4) ірі акционердің.

11.7. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама директорлар кеңесінің торагасына ұсынылады.

Директорлар кеңесінің торагасы отырысты шақыруга қарсы болған жағдайда, бастамашы қогамның атқарушы органына осы талаппен жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруга міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің торагасы немесе атқарушы орган шақыру туралы талап түскен күннен екі күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысына оны шақыруды талап еткен тұлғаны міндетті түрде қатыстырады.

Директорлар кеңесінің отырысын откізу туралы жазбаппа мәлімдеме отырыстың күн тәртіндегі мәселелердің материалдарымен қоса отырыстың отетін күніне дейін екі күннен кешіктірмей директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын откізу туралы мәлімдемеде отырыстың датасы, мерзімі және орны, сондай-ақ күн тәртібі туралы деректер болуы керек.

Директорлар кеңесінің мүшесі директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтын жағдайда ол туралы қогамның атқарушы органына ерте хабарлауға міндетті.

11.8. Директорлар кеңесінің шешімдері осы жарғымен белгіленген тәртіппен, директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс берудің шешімі тоłyқ кворумда бюллетеніде корсетілген мерзімде алынған жағдайда қабылданған больш табылады. Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандагы бюллетенідер және дауыс беруге енгізілген мәселе (мәселелер) бойынша материалдар директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне дауыс беруді откізу туралы талап келіп түскен күннен бастап екі күннен кешіктірілмей жіберіледі (таратылады).

Директорлар кеңесі сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуі және директорлар кеңесінің хатшысы мен торагасының колдары болуы тиіс.

Шешім рәсімделген күннен бастап жырма күнің ішінде, ол директорлар кеңесінің мүшелеріне аталған шешім қабылдауга негіз болған бюллетенідермен қоса жіберілуі тиіс.

11.9. Қогамның директорлар кеңесінің ашық тәртіппен откізілген отырысындағы алынған шешімдері хаттамамен рәсімделеді, отырыс откен күннен бастап үш күн ішінде отырыста торағалық еткен тұлға және хатшысы жасаи, қол қояды және онда болуға тиіс :

- 1) қогамның атқарушы органының тоłyқ атауы және мекен жайы ;
- 2) отырыстың откен күні, уақыты және орны ;
- 3) отырыска қатысқан тұлғалар жөнінде мәліметтер ;
- 4) отырыстың күн тәртібі ;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және директорлар кеңесінің әр мүшесінің директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі корсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер ;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер.

Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін және (немесе) қогамның оқілетті қызметкерінің қолымен және қогамның морімен шандырылған, сырттай дауыс беру жолымен алынған директорлар кеңесі отырысының хаттамасы мен шешімдерін ұсынуға міндетті.

12.1. Қогамның ағымдағы қызметін басқаруды атқаруның органы – басқарма жүзеге асырады.

Басқарма Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен және қогамның жарғысымен қогамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жаткызылмagan қогамның қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер алуға құқылы.

Басқарма акционерлердің жалпы жиналышының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауга міндетті.

Басқарма вето құқығы белгіленген мәселелерге катысты шешімдерді «алтын акция» иесімен келісуі керек.

Басқарма қызметінің тәртібі қогамның директорлар кеңесімен бекітілген осы жарғымен және қогамның басқармасы туралы Ережесімен айқындалады.

Басқарма қогамның қызметін ұйымдастыру барысында, Акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің құзіретіне жатпайтын қогамның ішкі нормативті құжаттарын бекітеді, соның ішінде ішкі еңбек тәртібі Ережесін, әкімшілік шығындардың лимиттерінің кейір түрлерін анықтау Ережесін, қогамның штаттық кестесін (атқаруның органдарын басшысы мен мүшелерінің, ішкі аудит қызметінің, корпоративті хатшының лауазымдық қызметақысын, еңбекақысын толеу тәртібі мен сыйлықақысынан басқа), құжаттандыру және құжатты басқару Ережесін, корпоративті киім киодің нормалары Қагидасын, қызметкерлердің жеке деректерін қорғау туралы Қагидасын, жұмыс регламентін, нұсқауларды, сонымен қатар құрылымдық бірліктер (құрылымдық болімшелер) қагидараларын және басқа да Қогамның ішкі қызметін ұйымдастыратын құжаттарды.

12.2. Оның акционерлері болып табылмайтын, қогамның акционерлері мен қызметкерлері басқарма мүшелері бола алады.

Басқарма отырыстары мүмкіндігіне қарай шақырылады, шешімдер басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Хаттамага сол отырыска қатысқан барлық басқарма мүшелері қол кояды.

12.3. Басқарма басшысы – басқарма торагасы:

1) акционерлердің жалпы жиналышы мен қогамның директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда қогамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарм-қатынастарда қогамды білдірге құқық беретін сенімхаттар береді;

4) қогам қызметкерлерін (Заңмен белгіленген жағдайлардан басқа) жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға котермелейу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қогамның штат кестесіне сәйкес қогам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен жалақыларына дербес үстемдіктерін белгілейді, қогамның атқаруның органы мен ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспаганда, қогам қызметкерлерінен берілетін сыйлықақы мөлшерін белгілейді;

5) өзі болмаган жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) атқаруның орган мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ оқілдік саласы мен жауапкершілікті боледі;

7) шарттар жасасады және мәмілелер жасайды, банктік шарттар апиады;

8) қогамның жарғысымен және акционерлердің жалпы жиналышының және директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген басқа функцияларды жүзеге асырады.

13 – бап. Ишкі аудит қызметі

13.1. Қогамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылды мүмкін. Ішкі аудит қызметтің қызметкерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органдың құрамына сайланада алмайды.

13.2. Ішкі аудит қызметі директорлар кеңесіне тікелей багыныста болады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп беріп отырады.

13.3. Ішкі аудит қызметі қогамның қаржы-шаруашылық қызметтің тексеріс жүргізгенде атқарушы органдан барлық қажетті материалдарды, бухгалтерлік және басқа құжаттарды талап етуге құқылы. Откізілген тексеріс корытындылары қогамның директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналышына жолданады.

14 – бап. Қогамның акционерлері мен лауазымды тұлғаларының өзінің аффилииленген тұлғалары туралы ақпарат ұсынудың тәртібі

14.1. Қогам өзінің аффилииленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді (үәкілді орган белгілеген тәртіпшін ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты).

14.2. Қогамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің аффилииленген тұлғалары туралы ақпаратты томендегі колемде ұсынады :

Жеке тұлғалар туралы					
Тері, аты, өкесінің аты (болған жағдайда)	Жеке тұлғаның куәландыратын құжаттың деректері және мекенжайы туралы мәліметтер	Тұган жылы	Аффилииленген-дігін таныттын негіз	Аффилииленудің туындаған датасы	Ескеरту

Занды тұлғалар туралы				
Занды тұлғаның толық атауы	Занды тұлғаның мемлекеттік тіркелуінің датасы және номірі және шақты мекенжайы	Аффилииленген-дігін таныттын негіз	Аффилииленудің туындаған датасы	Ескерту

14.3. Қогамның аффилииленген тұлғалары жоніндегі мәліметтері қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қоргалатын озге де құнияттар қатарына жататын ақпарат болып есептелінбейді. Қогамның аффилииленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиилену туындаған күннен бастап жеті қүннің ішінде өзінің аффилииленген тұлғалары туралы мәліметтерді қогамга табыс етуге міндетті.

15 – бап. Қогамның ақпаратты аныту

15.1. Заңға және Жарғыга сәйкес Қогам оз акционерлерінс қогам акционерлерінің мүлдесін қозғайтын оз қызметі туралы ақпаратттар болып табылатындар.

15.2. Қогам акционерлерінің мүлдесін қозғайтын ақпараттар болып табылатындар:
1) акционерлердің жалпы жиналышы қабылдаган шешімдер;

2) директорлар көнсөн мәселелер тізбесі бойынша қабылдаган шешімдер, бұл мәселелер туралы акпарат қогамның ішкі күжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізілуге тиіс;

3) қогамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шыгаруы және үәкілетті органдың қогамның бағалы қағаздарының орналастыру қорытындылары туралы есептерін, қогамның бағалы қағаздарының отеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, үәкілетті органдың қогамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

4) қогамның ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай талаптарға жауап беретін: жасалуында қогамның мұдделілігі болған табылатын және қогамның үәкілетті органды осындаған мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаган күнге құны қогам активтерінің баланстық құнының жалпы молшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеленуге немесе иеліктен шыгаруға байланысты мәмілелерді жасасуы туралы акпаратты жеткізуге міндетті;

5) осы қогам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомага қогамның мүліктің кепілге (қайта кепілге) беруі;

6) қогамның оз капиталының жиырма бесс және одан да көп проценті болатын молшерде қогамның қарызы алуы;

7) қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға қогамның рұқсаттар алуды, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға қогамның бұрын алған рұқсаттары колданысының тоқтатыла туруы немесе тоқтатылуы;

8) қогамның заңды тұлға қуруға қатысуы;

9) қогам мүлкінен тыйым салынуы;

10) нәтижесінде баланстық құны қогам активтерінің жалпы молшерінің он және одан да көп проценті болатын қогам мүлкі жойылған тотеніше сипаттагы мән-жайлардың туындауы;

11) қогамның және оның дауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

13) қогамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

14) қогамның жарғысына, сондай-ақ қогамның бағалы қағаздар шыгару проспектісіне сәйкес қогам акционерлерінің және инвесторлардың мұдделерін қозгайтын өзге де оқигалар туралы акпаратты жеткізуге міндетті.

15.3. Қогам депозитарийдің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті, корпоративтік оқигалар туралы акпаратты, қогамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, акционерлік қогамдардың үлестес тұлғаларының тізімін, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушылық орган мүшелері сыйақысының жиынтық молшері туралы акпаратты үәкілетті органдың нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

15.4. Акционердің талап етуі бойынша қогам оған оның Заңда көзделген күжаттардың кошірмесін қогамның жарғысында белгіленген тәртіппен, бірақ қогамға осындаған талап келіп түскен күнинен бастап он күнтізбелік күнинен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қаршылашып өзге де құния болып табылатын акпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

15.5. Акционер акпарат алу мақсатында қогамның атқарушы органдың жазбаша түрде жүгінеді. Акционердің жүгінуші қогамның кіріс күжаттары есебінің журнالына тіркелуі тиіс.

Күжаттардың кошірмелерін бергені үшін ақыны қогам белгілейді және ол қүжаттардың кошірмелерін дайындауга және қүжаттарды акционергежеткізуге байланысты шығындарды толсуге кеткен шығындардың құнынан аспау керек.

15.6. Акционерлік қогам мен оның акционерлері оздерінің хабарларын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануы тиіс

басқа да акпаратты жариялау үшін пайдаланатын акпарат құралдары – «Приуралье» және «Орал онірі» газеттері және/немесе Қогамның корпоративтік сайты.

16 – бап. Қогамды қайта ұйымдастыру және тарату

16.1. Қогамның қызметі акционерлердің жалпы жиналышының немесе соттың шеңімдерімен қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен токтатылады.

16.2. Қогамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының озге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

17- бап. Қорытынды срежелер

17.1. Қогам осы жарғымен реттелмеген барлық мәселелерді Қазақстан Республикасының озге де нормативтік құқықтық актілерімен реттейді.

17.2. Осы жарғы защишада белгіленген тәртіпшін мемлекеттік тіркеңген күнінен бастап күшіне енеді.

Оқілдегі тұлғаның қолы:

«Ақжайық» ӘҚК АҚ Басқарма Төрағасы

Е.Н. Досмаков.



AQJAIYQ

«АЗАМАТТАРҒА АРНАПАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛАСЫ БОЙИНША ФИЛИАЛЫ

**ОРАЛ ҚАЛАЛЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР
КАДАСТРЫ БӨЛІМІ**

28^н 65^ж 2024 ж.

ЖАРҒЫА

ЕҢГІЗІЛЕН ӘЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛГЕН
№ 436-1926-КАО АО

11^н 11^ж 2010 ж.

КУВЛІК

101140007530

БСН

Утверждён
решением единственного
акционера АО «СПК «Aqjaiyq»
№ 15-НК от 23 мая 2024 года



АО «УСТАВ акционерного общества «Социально-предпринимательская корпорация «Aqjaiyq»

Социально-предпринимательская корпорация «Aqjaiyq» (далее – «Компания») – это юридическое лицо, созданное в соответствии с законодательством Республики Казахстан и имеющее самостоятельный имущественный и правовой статус, а также способное от своего имени приобретать и распоряжаться имуществом и иными гражданскими правами и обязанностями.

Компания создана для реализации социальных проектов, направленных на поддержку и развитие предпринимательства, социальной инфраструктуры, культуры и спорта в Уральске и других городах и районах Южной Казахстанской области.

Компания является юридическим лицом, имеющим право на юридическую деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Компания имеет право на юридическую деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

г. Уральск, 2024 год

г. Уральск, 2024 год

Статья 1. Общие положения

1.1. Настоящий Устав акционерного общества «Социально-предпринимательская корпорация «Ақжайық» (далее - общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

1.2. Полное наименование общества:

- 1) на государственном языке: «Ақжайық» әсуменеттік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Ақжайық».

1.3. Сокращенное наименование общества:

- 1) на государственном языке: «Ақжайық» ӘҚКК АҚ;
- 2) на русском языке: АО «СПК «Ақжайық».

1.4. Местонахождение общества:

Республика Казахстан, 090000, Западно-Казахстанская область, г.Уральск, ул. Исатай-Махамбет, 84.

1.5. Местонахождение исполнительного органа общества:

Республика Казахстан, 090000, Западно-Казахстанская область, г.Уральск, ул. Исатай-Махамбет, 84.

Статья 2. Юридический статус общества

2.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2.2. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

2.3. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республика Казахстан «Об акционерных обществах» (далее - Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

2.4. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

